Темірбек Қожакеев – өз өмірі арқылы қайтпас қайсарлық, мойымас мінез, мұқалмас жігер мен принципшілдіктің айқын үлгісін көрсеткен күрделі тұлға. Сондықтан сериялық кітабымыздың ұстаз-ғалым, сатирик, жазушы, журналиске арналған шығарылымы мұрағат құжаттары, сирек фотосуреттер, әріптестері, замандастары, шәкірттерінің естеліктері арқылы кейіпкердің түрлі адами қырын ашуға тырысуымен құнды.
Кітап көпшілік оқырманға арналады.

Книга приурочена к 85-летнему юбилею известного ученого-физиолога, доктора биологических наук, профессора, академика НАН РК Хабдрахмана Дюсембиевича Дюсембина. Основные научные исследования профессора Х. Дюсембина направлены на выяснение механизмов нейрогормональной регуляции лактации. Он доказал роль эфферентных нервов и катехоламинов в торможении рефлекса молокоотдачи и разработал меры борьбы с гипогалактией.
В издании вниманию читателей представлены избранные труды, воспоминания известных ученых, современников и близких Х.Д. Дюсембина, а также архивные материалы и фотографии разных лет.
Книга рассчитана на широкий круг читателей.

В данной книге, посвященной доктору химических наук, профессору, академику НАН РК, президенту Казахстанско-Американского свободного университета Ережепу Альхаировичу Мамбетказиеву, вниманию читателей представлены научные и публицистические статьи, очерки, выступления Е. Мамбетказиева, опубликованные в разные годы в СМИ, отзывы, поздравления коллег, друзей, единомышленников, а также архивные и фотоматериалы разных лет.

Книга посвящается жизни и деятельности доктора исторических наук, профессора кафедры международных отношений и мировой экономики Жараса Умаровича Ибрашева.
Профессор Ж.У. Ибрашев является основателем факультета международных отношений в КазНУ им. аль-Фараби, автором монографий, научных работ, методологических разработок, учебных спецкурсов и множества научно-популярных изданий, известнейшим французоведом и популяризатором демократических идей. Более 60 лет он занимался изучением проблем европейской интеграции. В книге представлены избранные труды, воспоминания соратников, учеников и близких, а также архивные и фотоматериалы.

Книга повествует о ветеране геологической службы Казахстана, кандидате геолого-минералогических наук, профессоре, лауреате Государственной премии СССР, заслуженном деятеле науки КазССР Владимире Алексеевиче Соколове. При содействии и при непосредственном участии В.А. Соколова были открыты ряд крупнейших месторождений полезных ископаемых, имевших важнейшее значение для промышленности Казахстана.
В издании представлены архивные материалы, воспоминания современников и близких, публикации СМИ и избранные труды ученого, а также фотоматериалы.

Книга приурочена к 100-летию со дня рождения Тулегена Масеновича Масенова – доктора биологических наук, профессора, члена-корреспондента НАН РК, заслуженного деятеля науки Казахстана, ветерана Великой Отечественной войны. Т.М. Масенов является основателем в Казахстане научной школы по сравнительной морфологии позвоночных животных. Работы профессора Т.М. Масенова широко известны среди ведущих биологов СНГ и зарубежья.
В издании вниманию читателей представлены избранные труды, воспоминания известных ученых, современников и близких Т.М. Масенова, а также архивные материалы и фотографии разных лет, рассказывающие о его жизни и деятельности.

«Өнегелі өмір» сериясының арнаулы шығарылымы ұзақ жылдар мемлекеттің қалыптасуына, еліміздің экономикалық өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Бәйкен Әшімовке арналған бұл кітапқа қайраткердің өмір жолын, адами болмысын танытатын мақалалар мен сұхбаттар, мұрағат құжаттары, естеліктер мен фотосуреттер еніп отыр.

Өмірі өнегелі өрілген тұлғалардың есімі де, еліне еткен еңбегі де жылдармен бірге жаңғырып, халық санасынан мәңгі өшпейтіні хақ. Қазақ Республикасын ширек ғасыр басқарған Алаштың ардақтысы, ұлтымыздың ұлы тұлғасы Дінмұхамед Қонаев та «елім дегенде емініп, жұртым дегенде жүгініп» қызмет еткен арыстардың бірі болды. Бұл кітапта тағылымы терең тұлғаның өзі өмір кешкен заман шындығы мен тұлғалық қалыптасу жолдары баяндалған мемуарлық шығармасынан үзінді, сырлы сұхбаттары мен замандастарының естеліктері, ақындардың арнауы топтастырылған. Сондай-ақ мұрағат құжаттары мен өмірінің әр кезеңінен хабар беретін фотосуреттері де берілген.
Кітап көпшілік оқырманға арналады.

Бұл кітап қазақ әдебиетінің алыптарының бірі, «Абай жолы» роман-эпопеясымен күллі қазақ халқын әлемге танытқан ұлы жазушы, шебер аудармашы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі М.О. Әуезовке арналады. Кітапта қаламгердің әр жылдардағы ғылыми-зерттеу мақалаларымен қатар сапар жазбалары, көркем шығармаларынан үзінді, мұрағат құжаттары, фотосуреттері, шәкірттері мен замандастарының ыстық лебізі, шетел қаламгерлерінің пікірі топтастырылған.
Кітап ұстаздарға, студенттер қауымына, магистранттар мен көпшілік оқырманға арналған.

Книга посвящена Ахмету Жубанову – выдающемуся казахскому композитору, учредителю Национальной Академии наук и единственному в истории НАН РК академику по специальности «искусствоведение», первому ректору Казахской национальной консерватории им. Курмангазы. А. Жубанов был организатором и первым дирижером Оркестра казахских народных инструментов им. Курмангазы, организатором и первым директором Казахской государственной филармонии им. Джамбула, организатором и первым заведующим кафедрой казахских народных инструментов и класса дирижерского мастерства в консерватории. В издании вниманию читателей представлены архивные материалы, воспоминания известных ученых, современников, учеников и родных об Ахмете Куановиче Жубанове, а также фотоматериалы разных лет.
Книга будет интересна широкому кругу читателей.

В данной книге, приуроченной к 110-летию выдающегося казахстанского ученого, заслуженного деятеля КазССР, доктора химических наук, профессора Таира Кукашевича Чумбалова, вниманию читателей представлены архивные материалы, уникальные фотографии, публикации, а также основные научные достижения, воспоминания известных ученых, коллег, учеников.
Книга предназначена для широкого круга читателей, преподавателей, студентов, магистрантов и докторантов.

Книга посвящена выдающемуся ученому, организатору науки в Казахстане, Герою Социалистического Труда, лауреату Государственной премии КазССР, заслуженному деятелю науки, организатору и первому директору Института органического катализа и электрохимии НАН РК, академику АН КазССР Дмитрию Владимировичу Сокольскому.
В издании представлены избранные труды, очерки, воспоминания родных, друзей, коллег, учеников и единомышленников, а также архивные данные и фотоматериалы разных лет. Особое внимание уделяется активной работе Д.В. Сокольского по организации и внедрению в производство разработанных им совместно с учениками новых катализаторов и технологий.

Еліміздің журналистика саласында өзіндік қолтаңбаға ие болып, түрлі жауапты қызмет атқарған Қоғабай Сәрсекеев «Заманақыр», «Үш Арыс», «Қазақия», «Дешті Қыпшақ», «Қазақ шаруасы» атты шығармаларды дүниеге әкелген белгілі жазушы ғана емес, уақыт талабына ерте бейімделіп, жеке баспа ашқан, «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын оқырманмен қайта қауыштырған іскер азамат, қоғам қайраткері. Көп қырлы дарынның шығармашылық өмірі, тұлғалық бейнесі өзіне сүйсіндірмей қоймайды. Сондықтан да сериялық кітабымыздың жазушы, журналист Қ. Сәрсекеевке арналған шығарылымы ерекше еңбек.
Ресейдің Алтай өлкесінде дүниеге келіп, ержеткен соң Қазақстанға оралған биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, бірнеше халықаралық қор стипендиаты Рахметқажы Берсімбай кейінгі тағдырын тарихи Отанымен байланыстырған жан. Жинақта генетика саласында орасан табысқа жетіп, шетелге аты мәшһүр болған ғалымның өмір жолы, ғылымдағы жетістігі мұрағат құжаттары мен фотосуреттер, әріптес, замандастары және шәкірттерінің лебізі арқылы айшықталды.
Кітап Қазақстанда геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірегейі, ҚазКСР Ғылым академиясының іргетасын қаласқан ғалым, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, профессор Ақжан Машанов туралы. Жинақтан Кеңес Одағы тұсында ортағасырлық ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын іздеп, бабамызды ұрпағымен қауыштырған жан-жақты тұлғаның зерделі зерттеулерін, ізбасарларының оның ғылыми, қоғамдық, педагогикалық қызметі мен руханиятқа қосқан үлесін баяндайтын жарияланымдарын ұшыратасыз. Сонымен қатар мұнда мұрағат құжаттары, фотосуреттер де бар. Кітап көпшілік оқырманға, ұстаздар мен студенттер және ғылыми ізденушілерге арналған.
Жинаққа қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым-ұстаз, белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы Серік Смайылұлы Қирабаевтың әр жылдары жарық көрген зерттеу еңбектері мен шығармашылығына байланысты жарық көрген мақалалар топтастырылды. Кітап жоғары оқу орындары ұстаздарына, ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлеріне, студенттерге, жалпы оқырманға арналған.
География ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Әлия Бейсеноваға арналған кітапта сирек мұрағат құжаттары, құнды фотосуреттер, Қазақстанның алуан табиғаты және экологиясы туралы ғылыми мақалалар мен өзі замандас болған өнер, ғылым қайраткерлерінің елге сіңірген қажырлы еңбегі, ғибратты ғұмыры жайында естеліктер, шәкірттерінің ыстық лебізі топтастырылды.
Қазақ елі азаттыққа қол жеткізген шақта мемлекет іргесін нығайтуға үлес қосқан республикамыздың тұңғыш вице-президенті, дипломат, экономика ғылымдарының докторы Ерік Мағзұмұлы Асанбаев туралы бұл кітапқа ардақты азаматтың ұлтына жасаған қызметін баян ететін мақалалар мен сұхбаттар, замандастар лебізі, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтастырылды.
Бақытжан Майтанов – бүкіл саналы ғұмырын ғылымға, оның ішінде ардың ісі – әдебиетке арнаған жан. Әдебиеттанудың қиын да күрделі салаларын игеріп, қазақ қаламгерлерінің шығармаларын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеген ғалым туралы бұл кітапта өзінің қолтаңбасы түскен еңбектері, ұстаз-шәкірттері мен әріптес, замандастарының естеліктері, мұрағат құжаттары, фотосуреттері берілді.
Бұл кітап мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті дінтанушы, философия ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есімнің 70 жасқа толған мерейтойына орай шығып отыр. Жинаққа ғалымның өмір өткелдері, Мәңгілік ел ұлттық идеясы жайында және әр кезеңде адамзаттың қоғамдық ойлау жүйесіне шығармаларымен әсер еткен тұлғалар туралы мақалалары, сондай-ақ көрнекті руханият өкілдерінің, замандастарының суреттемелері, пікірлері топтастырылды. Кітап көпшілік оқырманға, студенттер мен ғылыми ізденушілерге арналған.

Книга посвящена доктору геолого-минералогических наук, академику НАН РК, Академии минеральных ресурсов Республики Казахстан, Всесоюзной академии сельскохозяйственных наук (ВАСХНИЛ), Казахской академии сельскохозяйственных наук, профессору Серику Мухамеджановичу Мухамеджанову. Почти вся территория Казахстана охвачена гидрогеологическими исследованиями ученого С.М. Мухамеджанова, на основе которых были разработаны практические рекомендации по использованию подземных вод в народном хозяйстве. Профессор С.М. Мухамеджанов был одним из ближайших соратников и помощников К.И. Сатпаева, трудясь ученым секретарем ИГН АН КазССР.
В издании представлены архивные материалы, воспоминания современников и близких, публикации СМИ и избранные труды ученого, а также фотоматериалы.

Бұл кітап қазақ халқының белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті әдебиет зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мүсілім Базарбаевтың 90 жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр. Мұнда қаламгердің еліміз егемендік алған соң ұлттық әдебиетті жаңаша бажайлаған соны зерттеулері, мұрағат құжаттары, фотосуреттері, замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық ықыласқа толы лебіздері мен естелік-эсселері топтастырылған.
Кітап ұстаздарға, студенттер мен ізденушілерге, жалпы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің тарихын білгісі келетін көпшілік оқырманға арналған.

Бұл кітапта белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтің Қазақ ұлттық университеті, онда дәріс берген ұстаздары туралы толғаныстары, Абай, Сүйінбай, Жамбыл, Кенен шығармашылығы хақындағы ой-тебіреністері жинақталып берілді. Оның тұлғасы мұрағат құжаттарымен, сирек фотосуреттермен, замандастарының естелік, эсселерімен жан-жақты ашылады.

Ғалым-геолог, мемлекет және қоғам қайраткері, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА академигі, Лениндік сыйлықтың және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР Геология министрі, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР ҒА президенті, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры қызметтерін атқарған Шахмардан Есенов туралы бұл кітапқа ғалымның қайраткерлік қырын, адами болмыс-бітімін танытатын мақалалар, мұрағат құжаттары, естеліктер мен фотосуреттер еніп отыр.

Ақын, жазушы, сықақшы, педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Әдібай Табылды есімі мектеп қабырғасынан танымал. Бұл кітапқа ұстаз-ғалымның жан-жақты талантын айшықтап көрсету мақсатында ғылыми еңбектері, жыр-шумақтары, тағылымдық әңгімелері, рубаяттары мен бәйіттері іріктеліп берілді. Сондай-ақ мұрағат құжаттары, сирек фотосуреттер мен шәкірттерінің мақалалары енді.
Кітап мектеп және жоғары оқу орны ұстаздарына, оқушылар мен студенттерге, жалпы оқырманға арналған.

Книга посвящена известному ученому-физику, доктору физико-математических наук, профессору Зейнулле Жанабаевичу Жанабаеву. Профессор З. Жанабаев является инициатором развития в нашей стране нового научного направления – нелинейной физики и синергетики, которое способствует созданию и совершенствованию научного фундамента для новых технологий по приоритетным проблемам радиоэлектроники, нанотехнологий, электронной связи.
В издании представлены архивные материалы, воспоминания современников и близких, избранные труды ученого, а также фотоматериалы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел экономикасының дамуына, құрылыс саласының өркендеп өсуіне үлкен үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, техника ғылымдарының докторы, академик Асқар Құлыбаев туралы бұл кітапта тұлғаның Қазақ мемлекетін нығайту жолында жасаған еңбегін айшықтайтын мақалалар, ой-толғамдар, мұрағат құжаттары, замандастарының лебіздері топтастырылған.

Белгілі ақын, дарынды драматург, пайымды публицист, көрнекті қоғам қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалиннің жырлары қара өлеңге сусап жүрген талай жанға талғажау болары анық. Өйткені азаматтық ұстанымы биік ақын өзі өмір сүріп жатқан замана келбетін және адам жанының нәзік иірімдерін өлеңмен өріп, жүрек қаламынан жасындай жырлар туғызады. Бұл кітапқа қазақ өлеңінің қара нарына айналған Нұрлан ақынның жыр жауһарлары мен түрлі тақырыптағы ой-толғамдары және қарымды қаламгердің ақындығы мен қоғамдық қызметі хақында замандастарының ықтық ықыласқа толы естеліктері еніп отыр.

Бұл кітапта дәнді дақылдардың қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімділігі мен өнімділігін арттыруды зерттеп, Қазақстанда өсімдіктер физиологиясы ғылыми мектебін қалыптастырған академик, биология ғылымдарының докторы, профессор Фатима Полымбетованың ғылыми мақалалары, әріптестері мен ізбасар шәкірттерінің, туған-туыстарының естеліктері, мұрағат құжаттары, әр жылдардағы суреттер топтамасы ұсынылған.

Книга посвящена памяти выдающегося ученого в области окислительного катализа, академика НАН РК, доктора химических наук, профессора Даурена Хамитовича Сембаева. Результатом фундаментальных исследований Д.Х. Сембаева является создание перспективных методов синтеза ангидридов, имидов, нитрилов карбоновых кислот – ценных полупродуктов для производства термостойких полимеров, устойчивых красителей и лекарственных препаратов.
В издании вниманию читателей представлены избранные труды, воспоминания известных ученых, современников и близких Д.Х. Сембаева, а также архивные материалы и фотографии разных лет, рассказывающие о его жизни и деятельности.

Бұл кітап ұлтына деген ұлы сезімімен ел мұраты жолында аянбай еңбек еткен арда азамат, Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарын ширек ғасырдан астам басқарып, үш облысты гүлдендірген, жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан Социалистік Еңбек Ері, елдің бағына туған асыл ер Асанбай Асқаровтың 95 жылдық мерейтойына арналады. Кітапта алмағайып заманда «Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, ұлтшыл» деп жазықсыз жала жабылып, қуғын-сүргінді бастан өткерген азаматтың тар қапаста жатып жазған жырлары мен ой-толғамдарынан үзінділер беріліп, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтастырылған. Сондай-ақ тұғыры биік тұлғамен өмір сапарында бірге болған замандастары, дос-жарандары мен әріптестері, ізбасарлары мен шәкірттерінің ықтық лебізге толы естеліктері енгізілген.

Бұл кітапта академик Ә. Нысанбаевтың тәуелсіздік жылдары жарияланған маңызды деген мақалалары мен сұхбаттары беріліп отыр. Мұнда қазіргі қазақстандық қоғамның құндылықтары, қазақ халқының рухани және құндылықтық әлемінің қалыптасуы талданады. Өзгеруші қоғамдағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасына айрықша мән берілген. Сонымен бірге ғалымның замандастары, әріптестері мен шәкірттерінің ықтық ықыласқа толы мақалалары, мұрағат құжаттары мен фотоматериалдар жинақталған.
Кітап студенттерге, магистранттарға, докоранттар мен жоғары оқу орны оқытушыларына, жалпы қазіргі көпэтностық қоғамның мәселелері қызықтыратын қауымға арналады.

Қазақстан егемендігін алып, нарықтық экономикалық қатынастарға бет бұра бастаған кезеңде жер қатынастарын қайта құру, жекешелендіру, жер реформаларын жүргізу жұмыстарына бел шеше кірісіп еңбек еткен ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, академик Зайролла Дүйсенбеков туралы бұл кітапта ғалымның ғылыми еңбектері және өзімен замандас болған өнегесі мол тұлғалар туралы ой-толғамдары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері және әріптестері мен шәкірттерінің, дос-жарандарының жүрекжарды лебіздері жинақталған.

Бұл басылым қазақ тіл білімі саласындағы көрнекті тұлға, белгілі математик әрі тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың 80 жылдық мерейтойына орайластырылып шығарылды.
Кітапқа ғалымның өмірі мен ғылыми шығармашылық қызметі туралы ресми мәліметтер, А.Қ. Жұбановтың негізгі ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі, тіл ғылымы мен білім беруге қосқан үлесі және адами қасиеттері туралы ұстаздары мен замандастарының, шәкірттері мен туған-туыстарының ой-толғамдары, сондай-ақ ғалымның өмірі мен қызметі туралы мұрағаттық материалдар, фотосуреттер енгізілді.
Кітап ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге, магистранттар мен докоранттарға – жалпы көпшілік қауымға арналады.

Книга посвящается известному казахстанскому и советскому зоологу, доктору биологических наук, профессору, академику НАН РК Турганбаю Нурлановичу Досжанову. Академик Т.Н. Досжанов является крупным ученым в области зоологии, паразитологии, его исследования известны в странах СНГ и за его пределами.
В издании вниманию читателей представлены избранные труды, воспоминания известных ученых, современников и близких Т.Н. Досжанова, а также архивные материалы и фотографии разных лет, рассказывающие о его жизни и деятельности.

Книга посвящается жизни и деятельности академика НАН РК Аманжола Кошановича Кошанова – крупного ученого-экономиста страны, внесшего значительный вклад в развитие экономической науки и внедрение научных разработок в народно-хозяйственную практику Казахстана.
В книге представлены избранные труды, воспоминания автора о наставниках и коллегах, а также статьи соратников и учеников академика А.К. Кошанова, архивные и фотоматериалы.

Книга посвящена Айтмухамеду Абдуллаевичу Абдулину, инженеру-геологу, доктору геолого-минералогических наук, профессору, академику НАН РК, заслуженному деятелю наук РК. А.А. Абдулин – автор многочисленных статей и монографий, лауреат Государственных премий КазССР и СССР, много лет возглавлял Институт геологических наук им. К.И. Сатпаева, являлся одним из вице-президентов АН РК и организаторов науки в Казахстане.
В издании представлены архивные материалы, избранные труды ученого, воспоминания современников и близких, а также фотоматериалы.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, құқық қорғау саласының қайраткері Қалауша Бегалиев туралы бұл кітапта оның ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзек болған кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен оның алдын алу шаралары жайлы еңбектері және мұрағат құжаттары мен фотосуреттері берілген. Сондай-ақ ұстаз-ғалымның әріптестері мен достарының, ізін басқан шәкірттері мен туыстарының естеліктері жинақталған.

Кітап филология ғылымдарының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Алма Қыраубаеваның 70 жылдығына арналады. Мұнда ғалымның бүгінге дейін оқырманның қолынан түспей жүрген үздік еңбектерінен үзінділер, ежелгі дәуір әдебиеті, ұлттық тәрбие, ұлттық мектеп мәселелері туралы ғылыми-әдістемелік, публицистикалық мақалалары, педагогтік толғаныстары және фотосуреттері мен мұрағат құжаттары берілген. 30 жылын ұстаздыққа арнаған ғалымның ұстаздық қызметі, қайраткерлік қыры, адами болмыс-бітімі хақында кеңінен көсіліп, ақтарыла сыр шерткен замандастары мен әріптестерінің, дос-жарандары мен ұрпақтарының ыстық лебізге толы естелік-есселері де топтасқан.

Бұл кітап Қазақстанда экономика-математикалық ғылымдар бағыты мен мектебінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі ғалым, педагог, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сайлау Байзақовтың 80 жылдық мерейтойына орай дайындалды. Оған өмірбаяны, ғылым-білім саласындағы зор қызметі мен ізденістерінің нәтижелері, соңғы кездері жиі қайталанып жүрген қаржы-экономикалық ағымдар туралы пайымдаулары, оларды эконометрикалық әдістер арқылы анықтау және болжау мүмкіндіктерін қарастырған зерттеулері, бұрын-соңды ғалым туралы замандастары мен шәкірттері жазған мақалалар мен естеліктер, мұрағат құжаттары мен фотосуреттер енді.
Кітап қалың оқырманға, студент жастар мен ғылыми ізденушілерге арналған.

Бұл кітап ғұлама ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібайдың 90 жылдық мерейтойына арналады. Кітапқа ғалымның өмір жолына, ғылыми шығармашылығына арналған очеркпен бірге таңдамалы еңбектері, мұрағат материалдары, фотосуреттері, түрлі құттықтаулар, сондай-ақ әріптестері мен шәкірттерінің ыстық лебіздері енді. Кітап ғалымдар мен студенттерге, жалпы әдебиетті сүйетін көпшілік оқырманға арналған.

Книга посвящена доктору геолого-минералогических наук, профессору, академику НАН РК и академику КазНАЕН РК, лауреату Госпремии КазССР и премии им. К.И. Сатпаева Гаппару Касеновичу Ергалиеву. Г.К. Ергалиев является основоположником стратиграфической схемы Каратауского типа разрезов кембрийских отложений Казахстана и одним из авторов ярусной шкалы кембрийской системы бывшего Советского Союза. Им была разработана первая зональная шкала кембрийских и нижнеордовикских отложений Южного Улытау и Каратау. Он учредил Аксайский государственный геологический заказник в Южном Казахстане как уникальное и неповторимое природное наследие для посещения ученых и студентов из ближнего и дальнего зарубежья геологического профиля.
В издании представлены архивные материалы, избранные труды ученого, статьи современников и близких, а также фотоматериалы.

Книга посвящена Хабибулле Кусаиновичу Оспанову – академику Международной академии минеральных ресурсов, лауреату Общенациональной Независимой премии «Платиновый Тарлан» в номинации «Наука», лауреату премии им. академика Е.А. Букетова, доктору химических наук, профессору, автору четырех научных открытий. Вниманию читателей представлены архивные материалы, фотографии, избранные труды ученого, отзывы коллег и учеников. Книга предназначена для широкого круга читателей.

Бұл кітап физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті ғалым, ҚазҰУ-да 55 жылға жуық еңбек еткен өнегелі ұстаз Серікқали Есқалиұлы Темірболаттың 80 жылдық мерейтойына арналады. Кітапқа ұстаз-ғалымның өмір белестері, өсу жолдары және көзкөрген ғалымдар жайлы өрелі ойлары, ғылыми-зерттеу мақалалары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттер еніп отыр. Сонымен бірге С.Е. Темірболаттың ғылыми-педагогикалық қызметін, отандық білім мен ғылымға қосқан үлесін, адами бітім-болмысын сипаттайтын әріптес-шәкірттері, дос-жарандары мен туған-туыстарының ыстық ықыласқа толы естеліктері топтастырылған.

Бұл кітап қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, зерттеуші-ғалым, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Асқар Закаринге арналып отыр. Мұнда тұлғаның зерттеулері, мұрағат құжаттары, фотосуреттері және замандастарының, әріптестері мен шәкірттерінің, ұрпақтарының ыстық ықыласқа толы лебіздері мен естелік-есселері топтастырылған.

Книга посвящается 75-летнему юбилею видного общественного деятеля, известного в стране культуролога, писателя, публициста, академика Академии журналистики РК Мурата Мухтаровича Ауэзова. В 60-е годы он стал одним из основателей легендарной национальной культурно-просветительской группы «Жас тұлпар», пропагандировавшей национальное самосознание и историю предков, стоял у истоков создания общественного движения «Невада-Семипалатинск». М.М. Ауэзов – человек, который на протяжении последних десятилетий оказывал и оказывает влияние на политику, культуру и науку Казахстана.
В книге представлены избранные труды, воспоминания соратников и близких, а также архивные и фотоматериалы.

Книга посвящена академику Инженерной академии Республики Казахстан, заслуженному деятелю Республики Казахстан, доктору химических наук, профессору Алме Гайсановне Сармурзиной. С именем профессора А.Г. Сармурзиной связано становление экологического образования в Казахстане. Огромный научный опыт она вложила в создание и развитие междисциплинарной магистратуры по специальности «Экология» в КазНУ им. аль-Фараби.
В издании представлены архивные материалы, воспоминания современников и близких, избранные труды ученого, а также фотоматериалы.

Книга посвящается доктору биологических наук, профессору Айтхаже Бигалиевичу Бигалиеву – специалисту в области общей и экологической генетики. Впервые в Казахстане профессор А.Б. Бигалиев развил новое фундаментальное направление науки – «Эколого-генетический мониторинг природной среды и здоровья населения», провел фундаментальные исследования по выяснению молекулярных механизмов возникновения мутаций при действии радиации и механизмов радиозащитного действия химических протекторов.
В книге представлены избранные труды ученого-генетика, статьи соратников и близких, архивные и фотодокументы.

Книга посвящена видному политическому и государственному деятелю Казахстана, члену КирЦИК и СНК, председателю Президиума Акмолинского губревкома, первому наркому внутренних дел, председателю комиссии по составлению Первой Конституции КазАССР Абдрахману Айтиеву, жизнь и деятельность которого прошла в борьбе за советскую власть и становление государственности Казахстана. В издании представлены архивные материалы, воспоминания современников и близких, публикации СМИ и труды А. Айтиева, а также фотоматериалы.

Бұл кітап тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық педагогика ғылымдары академиясының академигі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Өмірзақ Озғанбаевтың өнегелі өмір жолы мен шығармашылығына арналады. Кітапқа оның ұлттық мемлекет құру жолында күрескен Алаш арыстарының ерліктері мен тәуелсіздік туын тіккен жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы Елбасының ерен еңбегі жөніндегі зерттеу мақалалары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері еніп отыр. Сондай-ақ ұстаз-ғалымның отандық білім мен ғылымға қосқан үлесін, қайраткерлік қырын, адами болмыс-бітімін танытатын әріптес-шәкірттері мен дос-жарандарының ыстық ықыласқа толы естеліктері жинақталған.

Книга посвящена известному ученому, академику Казахстанской национальной академии естественных наук, почетному академику Национальной Академии наук РК, лауреату Государственной премии РК, доктору технических наук, профессору, почетному директору Центра физико-химических методов исследования и анализа при КазНУ им. аль-Фараби Михаилу Касымовичу Наурызбаеву. М.К. Наурызбаев – крупный специалист в области аналитической химии, электрохимии и химической технологии цветных и редких металлов. В книге представлены избранные труды, статьи, воспоминания друзей, коллег, соратников, близких, а также фотоматериалы.

Бұл кітап Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қырғызстан Республикасы Ш. Айтматов атындағы академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, еліміздің ғылым және журналистика саласын дамытуға айрықша үлес қосқан танымал тұлға, жазушы, филология ғылымдарының докторы У.Қ. Қалижановтың 70 жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр. Кітапта ғалым-публицистің ғылыми-зерттеу еңбектері, сұхбаттарымен қатар мұрағат құжаттары, фотосуреттері және замандастары мен әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық лебізге толық естелік-есселері топтастырылған.

Бұл кітап филология ғылымдарының докторы, профессор, ұстаз-ғалым, фантаст-жазушы Абдул-Хамид Мархабаевтың 80 жылдығына арналады. Жинақта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да мыңдаған шәкірттің қанатын қатайтып, бағыт-бағдар берген ұлағатты ұстаз, қиялгер-қаламгер, қазақ фантастикалық әдебиетінің теориясы мен тарихын тұңғыш зерттеуші-ғалымның фантастикалық туындылары мен сырлы сұхбаттары және замандас, әріптестерінің жүрекжарды жылы лебіздері, мұрағат құжаттары мен суреттері топтастырылған.

Бұл кітапқа тәлімді журналист, пайымды публицист, айтулы аудармашы, сан қырлы сарабдал ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Ысмағұловтың өнегелі өмір жолы мен шығармашылығы арқау болды. Жинақта публицист-ғалымның белгілі тұлғалар туралы көркем сөзбен кестелеген туындылары, фотосуреттері мен мұрағат құжаттары берілген. Сондай-ақ әдебиеттану, публицистика, аударма саласында көсіліп еңбек еткен Ж. Ысмағұлов хақында замандастарының жылы лебіздері мен естеліктері топтастырылған.

Халық Қаһарманы, партизан-жазушы Қасым Қайсеновтің 100 жылдығына арналған бұл кітапта батырдың қан майданда өмір мен өліммен арпалысып жүріп, Жеңіс туының желбіреуіне үлес қосқан қарулас достарының қаһармандық істері туралы туындылары, сырлы сұхбаттары, фотосуреттері мен мұрағат құжаттары берілген. Сондай-ақ жинақта Қ. Қайсеновтің отты жылдардағы ерен ерлігі мен бейбіт күндегі қаламгерлік қыры, азаматтық бейнесі хақында майдандас, әріптес, сырлас болған замандастарының естеліктері мен ақындар арнауы топтастырылған.

Книга посвящается академику АН КазССР, доктору биологических наук, заслуженному деятелю науки КазССР, профессору, крупному теоретику биологической науки Брониславу Александровичу Домбровскому. Бронислав Александрович – автор оригинальных работ по орнитологии, сравнительной анатомии и биоморфологии животных, синтетической зоологии и эмбриологии, истории биологической мысли, философии, биоэнергетике и эволюции животного мира.
В книге представлены неопубликованные рукописи, воспоминания учеников и близких, фотоматериалы разных лет. Труды ученого представляют большой интерес для широкого круга читателей: преподавателей и ученых, студентов и магистрантов.

Книга посвящена жизни и деятельности известного ученого, доктора химических наук, профессора, академика НАН РК Есена Абикеновича Бектурова. Е.А. Бектуров – крупный специалист в области физической химии, им создана широко известная научная школа, внесшая существенный вклад в развитие физической химии полимеров. Ученый-химик активно и плодотворно развивает новые перспективные направления в науке.
В издании вниманию читателей представлены избранные труды, воспоминания известных ученых, современников и близких Е.А. Бектурова, а также архивные материалы и фотографии разных лет.

Көрнекті ақын, белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Шешенстанның Халық батыры, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Түркі әлеміне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар одағының С. Есенин алтын медалінің иегері Рафаэль Ниязбек қолына алғаш қалам ұстағалы бері сенімін сертке ұстап, елдің елдігін, ердің ерлігін талмай жырлап келеді. Оның тәуелсіз мемлекетіміздің мерейі, егемен еліміздің сән-салтанаты және заман келбеті, уақыт тынысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы жайында жазған жауһар жырлары кім-кімді де сүйсіндірмей қойған емес. Бұл кітапқа ақынның өз туындылары, шығармашылық өмірі мен тұлғалық бейнесі хақында қалам тербеген сөз зергерлерінің ыстық ықыласқа толы ой-толғамдары еніп отыр.

Бұл кітап аса көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, әдебиет теоретигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зәки Ахметовтің 90 жылдық мерейтойына арналады. Жинаққа академиктің өмір жолына, ғылыми шығармашылығына арналған очеркпен бірге таңдамалы еңбектері, фотосуреттері мен мұрағат құжаттары, ол туралы отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері мен мақалалары, сондай-ақ ақындардың арнау өлеңдері енді.

Книга посвящена ученому химику, доктору химических наук, профессору, академику, заслуженному деятелю науки РК Зейнолле Мулдахметовичу Мулдахметову. З.М. Мулдахметов – крупный ученый, исследования которого внес- ли существенный вклад в физико-химическую науку, в частности, в такие области, как фотохимия и фотофизика органических молекул, теоретическая и прикладная спектроскопия, квантовая химия и учение о реакционной способности органических молекул. В книге представлены избранные научные труды, статьи, воспоминания коллег, друзей, родных, а также фото и архивные материалы.

Книга посвящена жизни и деятельности государственного и общественного деятеля советской формации Хасана Шаяхметовича Бектурганова. Х.Ш. Бектурганов поочередно руководил несколькими областями Казахстана, оказав большое влияние на экономический и человеческий потенциал нового независимого Казахстана. В издании представлены воспоминания членов семьи, близких друзей, знакомых и сослуживцев, а также избранные фрагменты из статей и выступлений Хасана Шаяхметовича и архивные материалы и фотографии разных лет.

«Өнегелі өмір» сериясының бұл кітабында саналы ғұмырын Қазақ елінің өркендеп дамуына бар күш-жігерін жұмсаған мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының тұңғыш премьер-министрі Ұзақбай Қарамановтың мақала-сұхбаттары, ғылыми-зерттеу еңбегінен үзінділер берілген. Сонымен қатар мұрағат құжаттары мен фотосуреттері, әріптестері мен жақтастарының жылы лебіздері топтастырылған.

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының және Халықаралық инженерлік академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нарғозы Данаев туралы бұл кітапта ғалымның таңдамалы еңбектері, баспасөз бетінде жарық көрген сұхбаттары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтасқан. Сондай-ақ жинақта Н.Т. Данаевтың ғылыми-педагогикалық қызметін, отандық білім-ғылымға қосқан үлесін, азаматтық келбетін си- паттайтын әріптес-шәкірттері, дос-жарандары мен туған-туыстарының ыстық ықыласқа толы естеліктері берілген.

Книга посвящена доктору биологических наук, профессору, академику НАН РК, известному ученому Казису Ташеновичу Ташенову. К. Ташенов – первый в республике специалист в области физиологии пищеварительной системы сельскохозяйственных животных, автор более 300 научных работ. В книге опубликованы избранные труды, воспоминания коллег, соратников, друзей и родных, а также фото и архивные материалы.
Издание адресовано широкому кругу читателей.

Книга посвящена Еренгаипу Маликовичу Шайхутдинову – доктору химических наук, профессору, академику НАН РК и видному общественному деятелю. Е.М. Шайхутдинов является признанным ученым в области органического синтеза и химии высокомолекулярных соединений и одним из основоположников науки о полимерах в Казахстане, внесшим выдающийся вклад в ее развитие. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Бұл кітапта қазақтың тұңғыш тарихшы ғалымы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, еліміздегі тарих ғылымдарының іргетасын қалаушылардың бірі – Әділгереев Халел Мұхаметжанұлының ғылыми, ұстаздық қызметі туралы, ғылымға қосқан үлесін зерделейтін мақалалар, оның замандастары, шәкірттерінің естеліктері, ол туралы жазылған әдебиеттер мен оның еңбектерінің тізімі, фотосуреттері берілген. Кітап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық институтында дайындалып, көпшілік оқырманға, оқытушыларға, студенттер мен ғылыми ізденушілерге арналған.

Кітап Қазақстан мен Түркістан АКСР-ның әйгілі тұлғасы Ораз Қиқымұлы Жандосовтың білім, мәдениет, әлеуметтік даму салаларындағы жаңашыл жасампаздығы мен қайраткерлігін айшықтауға арналды. Онда қоғамдық сана мен рухани өмірдегі түбегейлі өзгерістердің саяси-идеологиялық бастаулары, бағыттары, ұлт мүддесімен байланысы көрінетін өз қаламынан туған еңбектері, оразтанушы ғалымдардың зерттеулері, замандастары мен туыстарының құнды естеліктері және фото суреттер берілген.

Бұл кітап Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы Мәлік Ғабдуллиннің (1915–1973) өмірі мен шығармашылығына арналған. Онда М. Ғабдуллиннің балалық, студенттік, аспиранттық шағы, соғыс жылдарындағы қаһармандық қимылдары, санаткерлік істері, ұлттық ғылымды дамытуға қосқан зор үлесі, ұшан-теңіз эпистолярлық мұрасы, шығармашылық өмірбаяны мейлінше мол әдеби-тарихи мұрағат деректері және замандастарының естеліктері негізінде баяндалады. Кітап әдебиетшілерге, жоғары және орта арнаулы оқу орындары оқытушыларына, студенттеріне, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

Кітапта кеңестік Қазақстан білімі мен ғылымының тарихында өшпес із қалдырған, қазақ топырағында шаңырақ көтерген алғашқы жоғары оқу орындары – педагогикалық және медициналық институттардың басшысы Санжар Жағыпарұлы Асфендиаровтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы зерделенген. Ғалымның білім, дін, Қазақстан тарихы жайлы зерттеулері топтастырылған. Бұлар ұлттық тарихи ой-сананың дамуы мен ерекшеліктерін дұрыс ұғынуға, қазіргі рухани жаңғырудың әлеуетін арттыруға септесері сөзсіз.
Ғалымдарға, білім алушы жастарға және қалың оқырман қауымға арналады.

Бұл кітап аса көрнекті мемлекет қайраткері, Алаш ардақтысы, ғұлама ғалым, профессор, педагог, білікті дәрігер Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығына арналған. Жинақта Х. Досмұхамедұлының қазақ тарихы, тіл білімі, медицина, гигиена, қазақ ауыз әдебиеті тақырыбы бойынша жазылған сүбелі еңбектері, халелтанушы ғалымдардың зерттеулері, әдеби-тарихи мұрағат деректері және фотосуреттер берілген.

Бұл кітап ұлт журналистикасын кәсіби деңгейге көтеруге атсалысқан сара сөздің сардары, белгілі публицист, тұңғыш қазақ детектив жазушысы Кемел Тоқаевтың ұлт руханияты үшін еткен еңбегінен, ғибратты ғұмырынан сыр шертеді. Онда көркемсөз шеберінің «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ» повестері, «Соңғы соққы» романы, «Милиция – қорғаным» пьесасынан үзінді берілген. Сондай-ақ мұрағат құжаттары, фотосуреттер, замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық лебізге толы естеліктері қамтылды.

Бұл кітап тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Төлтай Балақаевтың өмірі мен ғылыми шығармашылығына арналады. Жинаққа ғалымның таңдамалы еңбектері, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері енген. Сонымен қатар оның кісілік келбетін, отандық ғылымға қосқан үлесін сипаттайтын замандастары, әріптестері мен туған-туыстарының сырлы естеліктері, арнау-өлеңдер жинақталған.

Қазақ театр және кино өнерінің мэтрі, «Алаштың Асанәлісі» атанған Асанәлі Әшімов туралы бұл кітап актердің 80 жылдық мерейтойына арналды. Жинаққа әртістің «Менің жанрым – күнделік» атты ақ қағазға қаламы салған жан толғаныстары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері енген. Сонымен қатар оның бекзат болмысы, талант қуаты туралы замандастары мен бір сахнада өнер көрсеткен әріптестерінің сырлы естеліктері жинақталған.

Книга посвящена крупному ученому в области горных наук, педагогу, доктору технических наук, профессору, академику НАН РК, заслуженному деятелю РК, лауреату премии им. К.И. Сатпаева Баяну Ракишеву. Им создана научная школа в направлении эффективного разрушения массивов пород взрывом и разработки полезных ископаемых в режиме рационального использования недр. Разработаны и внедрены в производство инновационные методы проектирования, планирования и управления технологическими процессами горных работ.
В издании представлены архивные материалы, избранные труды, статьи коллег и близких, а также фотоматериалы.

Бұл кітап экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Еуразия инновациялық экономика және басқару академиясының ұйымдастырушысы және Президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрсейіт Айтқалидің өмір жолына арналады. Онда ғалымның терең зерттеулері, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласқа толы лебіздері, мұрағат құжаттары мен фотосуреттер берілді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының, ҚР педагогика ғылымдары академиясының, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, «Дос-Мұқасан» ансамблін алғаш құрушылардың бірі Ұлықпан Сыдықов туралы бұл кітап ғалымның 70 жылдық мерейтойына орай шықты. Онда сегіз қырлы, бір сырлы қайраткердің мақалалары, сұхбаттары, көптеген әнге арқау болған өлеңдері, ұстаздары, әріптестері мен шәкірттерінің лебіздері, мұрағат құжаттары және фотосуреттер берілді.

Іскер басшы, білгір ұйымдастырушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тұңғыш ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ білім академиясының академигі, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Амангелді Құсайынов туралы кітапқа бастамашыл әрі жаңашыл ғалым-ұстаздың еңбектері, сыр-сұхбаттары енгізілген. Сондай-ақ тәуелсіз еліміздің жоғары білім беру саласын дамытуға ұзақ жылдар бойы зор үлес қосып келе жатқан тұлғаның ғибратты ғұмырын үлгі еткен әріптестері мен шәкірттерінің мақалалары, фотосуреттер, мұрағат құжаттары берілді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Бас прокуроры қызметтерін абыроймен атқарған заң ғылымдарының докторы Қайрат Мәми туралы бұл кітап қайраткердің мақалаларынан, келелі сұхбаттарынан, әріптестерінің ыстық ықыласқа толы лебіздерінен, мұрағат құжаттары мен фотосуреттерінен тұрады.

Книга посвящена жизнедеятельности, научному и педагогическому творчеству, наставничеству супругов Шот-Амана Едрисовича и Зинаиды Каримовны Валихановых. Эта творческая семья соединила человека искусства и организатора высшей школы. Чета Валихановых многие годы связана с важными государственными архитектурными культурными проектами и ведущим университетом республики – КазГУ (ныне КазНУ им. аль-Фараби).
В книгу вошли биографические очерки, публикации в СМИ, воспоминания соратников, друзей и близких, фото и архивные документы.

Бұл кітап Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаевтың 70 жасқа толған мерейтойына орай шықты. Оған ғалымның сүбелі зерттеулері, ұстаздары, үзеңгілестері және шәкірттерінің лебіздері, сонымен қатар мұрағат құжаттары, фотосуреттері енгізілді.

Бұл кітапқа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдардың өмірі мен ғылыми шығармашылық қызметі туралы мәліметтер және латын әліпбиі мен жазу мәселесі, түркітану мен бір буынды түбірлер, қазақ этнолингвистикасы,ономастика, терминология, тіл саясаты туралы ғылыми мақалалары мен сұхбаттары, сондай-ақ ғалым жайында әріптестері мен шәкірттерінің, қоғам қайраткерлері мен отбасының ой-толғамдары, жылы лебіздері енгізілді.
Кітап ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге, магистранттар мен докоранттарға – жалпы көпшілік қауымға арналады.

Книга посвящается 100-летию со дня рождения видного государственного деятеля, крупного организатора образования в Казахстане, ученого и педагога Калия Билялова. К. Билялов, начиная с 60-х годов, в течение почти двух десятилетий руководил сферой образования в Казахстане и внес неоценимый вклад в развитие республики. Он также способствовал росту целой плеяды крупных ученых и организаторов высшего образования, науки и экономики Казахстана.
В книге представлены избранные труды, воспоминания, а также архивные документы и фотоматериалы. Издание рассчитано на широкий круг читателей.

Книга посвящена государственному и общественному деятелю, известному казахстанскому политику, первому Премьер-Министру Независимого Казахстана Сергею Александровичу Терещенко. С его именем связаны многие значимые события в жизни нашей страны и международные инновационные проекты, воплощеннные в жизнь с присущими ему дальновидностью и глубокой проработкой.
В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды, интервью известного политика, отзывы соратников и близких.

Бұл кітап медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, жазушы-фантаст, драматург, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Халықаралық М. Нострадамус атындағы проскопиялық академиясының толық мүшесі Совет-Хан Ғаббасовтың 80 жылдық мерейтойына орай шықты. Оған ғалымның таңдамалы ғылыми еңбектері, ақын-жазушылар туралы толғаныстар мен жолжазбалар, сұхбаттар, аға-іні буын өкілдерінің лебіздері, сондай-ақ мұрағат құжаттары және фотосуреттер топтастырылды.

Книга посвящается 70-летнему юбилею доктора физико-математических наук, известного государственного и общественного деятеля Владимира Сергеевича Школьника. В.С. Школьник – ученый-физик, с именем которого связано развитие атомной науки Казахстана, становление Национальных научных ядерного, биологического и космического центров и Центра по комплексной переработке минеральных ресурсов Республики Казахстан.
Книга содержит избранные труды, статьи СМИ, отзывы, поздравления, воспоминания коллег, друзей, соратников, а также фото и архивные материалы.

Жинаққа белгілі ғалым, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және логика бөлімінің түлегі, Қазақстандағы философия ғылымының эстетика саласының негізін қалаушы, қазақ қыздарының арасындағы алғашқы философия ғылымдарының докторы, «Жоғары мектептің еңбек сіңірген қызметкері» Б. Қазыхановаың (1929–2016) өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты құжаттар, оның ғылыми мақалалары, баяндамалары, өмірі мен қоғамдық саяси қызметі жайлы әріптестерінің, шәкірттерінің, ұрпағының естелік әңгімелері енді.

Книга посвящена доктору химических наук, члену-корреспонденту НАН КазССР, заслуженному деятелю науки КазССР Ахметжану Шарифкановичу Шарифканову. Основные направления научных интересов А.Ш. Шарифканова связаны с химией азотистых гетероциклов, исследованием реакционной способности соединений, механизмов реакций и стереохимических закономерностей, синтезом биологически активных соединений на основе промышленно доступного сырья. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Бұл кітап физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Инженерлік академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шалтай Смағұловтың ғибратқа толы ғұмырынан сыр шертеді. Онда математиктер армиясын тәрбиелеген ғалым-ұстаздың таңдамалы ғылыми еңбектері, әріптестері мен шәкірттерінің, жақын жандардың жүрекжарды естеліктері, сирек мұрағат құжаттары мен фотосуреттер топтастырылған.

Бұл кітап туған халқына адал еңбек етуді өмірлік ұстанымына айналдырған мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазКСР жоғары және арнаулы орта білім министрі Тұрғанбек Қатаев жайында сыр шертеді. Оған кейіпкердің өз шығармашылығынан таңдамалылар және аға буын өкілдері, әріптес, сыйлас достарының жүрекжарды естеліктері, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтастырылды.

Книга посвящается памяти академика Национальной Академии наук Республики Казахстан К.П. Персидского – выдающегося ученого и организатора науки и образования. К.П. Персидский стоял у истоков развития математической науки и математического высшего образования в Казахстане. В книге представлены материалы, связанные с жизнью и научной деятельностью К.П. Персидского, воспоминания соратников и учеников. Издание иллюстрировано фотографиями разных лет.

Бұл кітап белгілі зерттеуші, ұлағатты ұстаз, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектебі ҒА-ның академигі Жатқанбаев Ержан Байғожаұлының 75 жылдық мерейтойына орай шығып отыр. Оған ғалымның таңдамалы еңбектері, ол туралы замандастарының пікірлері мен мақалалары, сондай-ақ мұрағат құжаттары, фотосуреттері енді.
Кітап ғалымдар мен студенттерге, жалпы көпшілік оқырманға арналған.

Бұл кітап көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, философ-ғалым, ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Жүнісұлы Кенжебаевтың ғибратты ғұмыры мен қызметіне арналады. Оған ғалымның таңдамалы еңбектері, ол туралы замандастарының пікірлері мен мақалалары, сондай-ақ мұрағат құжаттары, фотосуреттері, арнау өлеңдер енді.

Бұл кітап белгілі қоғам қайраткері, бірнеше Халықаралық академияның академигі, Қазақстандағы Йога ассоциациясының президенті, танымал азамат Қажымқан Қасымұлы Мәсімовтің өмірінен сыр шертеді. Жинаққа тұлғаның таңдамалы еңбектері, баспасөзде жарық көрген сұхбаттары, замандастары мен жақын жандардың естеліктері, сондай-ақ сирек фотосуреттер енгізілді.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, ҚР Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық Ұлан гвардиясының қолбасшысы, ҚР Қорғаныс министрі, ҚР Қауіпсіздік кеңесінің мүшесі, ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Парламентінің депутаты болып Отанына шексіз қызмет еткен Сәт Тоқпақбаев туралы кітап қайраткердің 80 жасқа толған мерейтойына орай жарық көрді. Ондакейіпкеріміздің «Жаным садаға» атты ғұмырбаяндық кітабы, депутаттық сауалдары мен баспасөз беттерінен мақалалары, мұрағат құжаттары, сирек фотосуреттері және замандастарының жүрекжарды лебіздері берілген.

Книга посвящена памяти академика Национальной академии наук РК, доктора технических наук, профессора, видного ученого-горняка Шауката Алтаевича Алтаева. Ш.А. Алтаев является новатором в области добычи руд и рационального использования полезных ископаемых и внес весомый вклад в социально-экономическое развитие Казахстана. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Тәуелсіз Қазақстанның БҰҰ-дағы тұңғыш тұрақты өкілі, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы дипломат, ұлтқа адал қызмет етудің үлгісін танытқан мемлекет қайраткері Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбекова туралы кітап бай мазмұнымен ерекшеленеді. Онда ұстаз-ғалымның түрлі дипломаттық құжаттары, әлемдік саясаткерлермен жұмыс барысындағы фотосуреттер, естеліктер мен мақалалар, замандастарының жүрекжарды лебіздері қамтылды.

Книга посвящена ученому, педагогу, спортивному деятелю, академику Международной Академии наук высшей школы и Академии педагогических и социальных наук РК, доктору педагогических наук, профессору, первому ректору Южно-Казахстанского гуманитарного университета им. М. Ауэзова М.Б. Сапарбаеву. С его именем связаны многие спортивные инициативы, прежде всего международные турниры по греко-римской борьбе в Шымкенте. Также при его участии подготовлено 90 мастеров спорта СССР и международного класса, чемпионов Советского Союза, Казахстана, Европы.
В издании представлены воспоминания соратников и близких, публикации СМИ и труды академика, а также фото и архивные материалы.

Көрнекті ғалым, ұстаз, КСРО және Қазақстан журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының 80 жылдық мерейтойына орай әзірленген бұл кітапқа оның өмірін және педагогикалық қызметін, отандық ғылымға қосқан ұшан-теңіз еңбегін ашып көрсететін мақалалар, ғылыми-теориялық және діни-танымдық еңбектері, мұрағат құжаттары, естеліктер, фотосуреттер еніп отыр.

Книга посвящена памяти академика Академии наук КазССР, выдающегося ученого-металлурга и крупного организатора академической науки Казахстана Аскара Минлиахмедовича Кунаева. Издание приурочено к 90-летию со дня его рождения. А.М. Кунаев хорошо известен в научном мире как руководитель созданной им научной школы по комплексному использованию минерального сырья в металлургической и химической промышленности на основе фундаментальных исследований. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Книга посвящена жизни и деятельности академика Академии наук Казахской ССР, доктора исторических наук, профессора, заслуженного деятеля республики Акая Нусупбекова. С его именем неразрывно связана историческая наука Казахстана советского периода. А. Нусупбеков навсегда останется в истории казахского народа как непревзойденный организатор исторической науки. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Книга посвящена памяти Б.А. Атшабарова – заслуженного врача Казахской ССР, ветерана Великой Отечественной войны, доктора медицинских наук, профессора, академика НАН РК. Б.А. Атшабаров развил многие научные направления в медицине, руководил комплексной программой по изучению вредного влияния на здоровье людей испытаний атомного оружия на Семипалатинском ядерном полигоне. В издании представлены архивные и фотоматериалы, статьи, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Книга посвящена известному государственному и общественному деятелю республики Махтаю Рамазановичу Сагдиеву. В советские годы М.Р. Сагдиев работал на различных должностях: был министром рыбного хозяйства, председателем Костанайского облисполкома, первым секретарем Кокшетауского обкома партии. Затем был председателем Президиума Верховного Совета КазССР, советником президента страны. В 1991 году возглавил Совет ветеранов, которым руководил до своей кончины.
Книга содержит избранные труды М.Р. Сагдиева, статьи коллег, вос- поминания соратников, друзей, родных, а также уникальные фото и архивные материалы.

Бұл кітап ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Төлеухан Бияровтың 70 жылдық мерейтойына орай шықты. Оған қазақстандық кибернетика мектебін қалыптастырған ғалымның сүбелі зерттеулері, жүрегін жарып шыққан жырлары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері енгізілді. Сонымен қатар абзал азаматтың отандық білім мен ғылымға қосқан үлесін, адами болмыс-бітімін танытатын әріптестері мен шәкірттерінің, дос-жарандары мен жақындарының жүрекжарды лебіздері жинақталды.

Кітап қазақ әдебиетінің қоржынына кесек туындылар қоса білген көрнекті жазушы, дарынды драматург, ақын-сыншы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбит Досановқа арналады. Мұнда жазушының алыс-жақын шетелде жоғары бағаланған үздік шығармаларынан үзінді, түрлі тақырыптағы ой-толғаныстары және фотосуреттері мен мұрағат құжаттары берілген. Сөзбен сурет салған сөз зергерінің қалам қуаты, азаматтық келбеті мен қайраткерлік қыры хақында замандастары мен шетел қаламгерлерінің ыстық ықыласқа толы естеліктері топтасқан.

Бұл кітап Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық жазушысы, поэзия патшайымы Фариза Оңғарсынованың өмір жолы мен шығармашылығына арналды. Жинақта жауһар жырды жүрегінде тербеген айтулы ақынның жыр дестелері, мақалалары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері берілген. Сондай-ақ тұнық жырдың тұмары деп танылған аяулы тұлға мен оның қаламгерлік жолы хақында замандастарының сырлы толғаныстары және жақындарының естеліктері топтасқан.

Книга посвящена академику Национальной академии наук РК, доктору философских наук, профессору Досмухамеду Кшибековичу Кшибекову. Ученый стоял у истоков становления философской науки в Казахстане, занимался исследованием актуальных проблем. В его трудах получены важные результаты, имеющие как фундаментальное, так и прикладное значение для философии и методологии. В издании представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.

Книга посвящается академику НАН РК Жексенбеку Макеевичу Адилову, видному ученому, внесшему большой вклад в развитие системы образования и науки нашего государства. Ж.М. Адилов – один из основоположников исследований проблем разработки теоретических основ управления сложными социально-экономическими системами в целях перехода на модель устойчивого развития в Казахстане, положивший начало практическому воплощению полученных результатов в реальный сектор экономики и в сферу образования.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашевтың өнегелі өмір жолы мен шығармашылығына арналған бұл кітапта қаламы қарымды журналистің түрлі тақырыптағы мақалалары, сырлы сұхбаттары және жеке қорындағы фотосуреттері мен мұрағат құжаттары берілді. Сондай-ақ ұстаз-ғалым, қайраткер-қаламгердің ұлттық журналистикаға қосқан үлесі, ұстаздық тәлімі мен азаматтық қыры ардақты ағаларының, үзеңгілестері мен шәкірттерінің және ет жақындарының естеліктері арқылы жан-жақты ашыла түседі.

ҚР Ұлттық инженерлік академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының және ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбдімүтәліп Әбжаппаров туралы кітапта ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектері, баспасөз бетінде жарық көрген мақала-сұхбаттары және мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтасқан. Сондай-ақ замандастары мен әріптестері айтулы тұлғаның ғылым-білім саласына қосқан үлесі, отандық жоғары оқу орындарын басқарудағы ұйымдастырушылық, ұстаздық, ғалымдық, қайраткерлік қыры хақында сыр шертеді.

Книга посвящена памяти Нагашыбая Амангалеевича Шайкенова – ученого-юриста и политического деятеля, доктора юридических наук, профессора. Н.А. Шайкенов принимал активное участие в создании проектов важнейших законодательных актов независимого Казахстана, был одним из главных разработчиковГосударственной программы правовой реформы и Конституции РК (1995). Он внес значительный вклад в разработку концептуальных проблем правовой науки: сущность права, право и интересы в обществе, формирование правового общества. В издании представлены архивные и фотодокументы, отзывы соратников и близких.

Бұл кітапта көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлының «Шер», «Миллионер», «Томар» секілді оқырманның ыстық ықыласына бөленген әсерлі әңгімелері, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері жинақталған. Сондай-ақ қарымды қаламгердің ұлтым деп соққан жүрегі, азаматтық келбеті хақында өмір сапарында бірге жүрген замандастарының: қаламдастары мен достарының, ізін басқан шәкірттері мен туыстарының жүрекжарды лебіздері берілген.

Книга приурочена к 85-летию ветерана отечественной печати, Почетного журналиста Казахстана, публициста, работника государственных органов и общественного деятеля Николая Сергеевича Колинко. В издании представлены материалы, связанные с историей развития СМИ тех далеких лет, когда в стране началось освоение целинных земель и рушились твердокаменные устои сталинской прессы, рассказывается о первых руководителях республики, с которыми автору довелось работать на протяжении многих лет, история зарождения Независимости Республики Казахстан.

Бұл кітап ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ғабдығапар Сағитұлы Сейтқасымовтың өмірі мен шығармашылығына арналды. Жинақта еліміздің қаржы, экономика саласындамытуға зор үлес қосқан көрнекті ғалым, білікті ұстаз, ұтқыр ұйымдастырушының баспасөз бетінде жарыққорген еңбектері мен мұрағат құжаттары және фотосуреттері берілген. Сондай-ақ академиктің ғылыми-педагогтік қызметі мен қайраткерлік қыры туралы әріптестерінің, шәкірттері мен дос-жарандарының естеліктері жинақталған.
Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Книга посвящается жизни и деятельности Игоря Ивановича Рогова – известного ученого-юриста, государственного, общественного деятеля. Игорь Иванович Рогов, будучи председателем Конституционного Совета, внес значительный вклад в становление и развитие государственности Республики Казахстан. В издании представлены фото- и архивные документы, избранные труды ученого-правоведа.
Книга адресована широкому кругу читателей.

Бұл кітап Қазақстан тарихы ғылымында өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, азаматтық ажары айқын, қайраткерлік келбеті келіскен толымды тұлға Кеңес Нұрпейісұлына арналды. Ғалымның қазақ тарихының өзекті мәселелері, Алаш ақиқатын зерттеу және тұлғатануға арналған еңбектері, фотосуреттері мен мұрағат құжаттары топтасқан. Тарихтан тамыр тартқан ғалымның замандастары, әріптестері және шәкірттерінің жылы лебіздері арнайы бөлімде берілген.

Книга посвящена 70-летнему юбилею Ахметжана Смагуловича Есимова – одного из крупнейших государственных деятелей и хозяйственников Казахстана сложной и бурной эпохи становления и развития нашей республики. А.С. Есимов был занят на дипломатической службе, в правительстве, отвечал за важнейшие отрасли казахстанской экономики, возглавлял ее ключевые административно-территориальные единицы, руководил масштабными, беспрецедентными национальными проектами. В настоящее время возглавляет АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».

Книга посвящена известному горному инженеру Казахстана, руководившему горно-металлургическим комплексом и геолого-разведочной отраслью республики, видному ученому в области горных наук, доктору технических наук, профессору, академику Национальной инженерной академии РК и Международной инженерной академии Марату Жакуповичу Битимбаеву. В книге представлены воспоминания, представляющие сочетание исторических фактов, анализа прошлого и настоящего состояния горно-металлургической отрасли, а также статьи коллег и близких, архивные документы и фото. Издание адресовано широкому кругу читателей.

Бұл кітапта қатпары қалың дипломатиялық қызметті ғылыми ізденістермен ұштастыра білген көрнекті ғалым, білікті ұстаз, белгілі дипломат, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сайлау Батырша-ұлының ұлт, тіл тағдыры және толымды тұлғалар туралы толғаныстары, билік басындағыларға жазған ашық хаттары, сыртқы саясат, халықаралық қатынастар жайлы сараптамалық мақалалары жинақталып берілді. Сондай-ақ ұлт күрескерлерінің ізбасары ретінде атқарған игі істері, тәуелсіз мемлекет жариялау жолындағы қайраткерлігі, азаматтық белсенділігі мұрағат құжаттарымен, сирек фотосуреттермен және замандастарының естелігімен жан-жақты ашылады.

«Өнегелі өмір» сериясының 204-шығарылымы Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері, заманының заңғар ақыны, аударма саласының саңлағы, драматург, публицист, әдебиет сыншысы Қалижан Бекхожиннің өмір жолы мен шығармашылығына арналды. Кітапта әдебиеттің әр саласында қалам тербеген Қалижан Нұрғожаұлының таңдамалы туындылары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері берілген. Сондай-ақ балаң Қалижан, маман Қалижан, жауынгер Қалижан, қаламгер Қалижан, дауылгер Қалижан ретінде Қ. Бекхожиннің жүріп өткен жолдары замандастарының естеліктерінде жан-жақты баяндалған.

Бұл кітап қазақ өнері мен мәдениетін аса бағалаған көрнекті қоғам қайраткері Әнуарбек Нәжметдинұлы Шмановтың өнегелі өмір жолына арналды. Жинақта қазақ телевизиясында өз қолтаңбасын қалдырған
Ә.Н. Шмановтың баспасөз беттерінде жарияланған сындарлы мақалалары мен баяндамалары, фотосуреттері мен мұрағат құжаттары және замандастарының ыстық естеліктері енгізілген.
Басылым барша оқырманға арналған.

Книга посвящена Арстану Мауленовичу Газалиеву – ученому-химику, доктору химических наук, профессору, академику НАН РК, лауреату Государственной премии РК, Почетному гражданину г. Караганды. Он является признанным организатором высшего образования и ученым в области органического синтеза и одним из основоположников науки о химии алкалоидов в Казахстане, внесшим выдающийся вклад в ее развитие. В книге представлены архивные и фотоматериалы, избранные труды ученого, отзывы соратников и близких.
Издание адресовано широкому кругу читателей.

Бұл кітап көрнекті қоғам қайраткері, педагог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Парасат» орденінің иегері, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры Хисмет Бозанұлы Табылдиевқа арналған.
Х.Б. Табылдиев есімімен Атырау өлкесінің тарихы, ата-баба шежіресі, Сарайшық сынды қасиетті мекендердің тарихы тығыз байланысты. Бұл шығарылымда көрнекті ғалымның таңдамалы еңбектері, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері және ол жайында замандастарының естеліктері мен БАҚ басылымдары берілген.
Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Книга посвящена 65-летнему юбилею генерального директора Республиканского государственного предприятия «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан», доктора технических наук, профессора, академика Национальной Академии наук РК Абдурасула Алдашевича Жарменова. С именем А.А. Жарменова связано вхождение Казахстана в тройку лидирующих стран по производству стабильных изотопов, создание, реализация и продажа казахстанских технологий за рубеж. Издание адресовано широкому кругу читателей.

Бұл кітапта отандық коллоидтық химия мектебінің негізін салушы ғалым, Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының және Қазақстан жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Мұсабековтің ғылыми-зерттеу мақалалары мен фотосуреттері және мұрағат құжаттары жинақталған. Сондай-ақ оның зерделі зерттеуші, ұлағатты ұстаз, ұтқыр ұйымдастырушы, білікті басшы ретіндегі жан-жақты қырлары әріптестері мен шәкірттерінің, үзеңгілестері мен замандастарының естеліктерінде айшықталып берілген

Книга посвящена известному казахстанскому ученому, доктору экономических наук, профессору, заслуженному деятелю науки и техники, почетному члену Палаты аудиторов Владимиру Константиновичу Радостовцу. В.К. Радостовец внес значительный вклад в развитие экономической науки Казахстана, принимал участие в разработке первых казахстанских законов «Об аудиторской деятельности в Республике Казахстан», «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности», Казахстанских стандартов по бухгалтерскому учету.

«Өнегелі өмір» сериясының 211-шығарылымы ұлтжанды азамат, ұлағаты мол ұстаз, көрнекті ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Жахан Молдабековтің өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметіне арналды. Кітапта зерделі зерттеушінің қазақтану идеясындағы таңдамалы туындылары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері берілген. Сондай-ақ қайраткер тұлғаның көзін көріп, тәлімін алған, сыйлас болған әріптестері мен шәкірттерінің, дос-жарандары мен ет жақындарының естеліктері жинақталған.

1

188-8

133-8

178-9

166-6

137-6

205-2

154-3

515-3

167-3
220-5
957-1
142-0
602-1
212-0

325-7
111-6
147-5
151-2
152-9
150-5
'1-0
14-4
?1-2

'2-0
36-4
59-7



«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он алтыншы томында З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиялық еңбегі ұсынылған. Еңбекте Абайдың ақындық тұлғасы, адамгершілік мұраттары, батыс және шығыс мәдениетімен байланыстары, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларымен бағыттас, сарындас ізденістері, шығармашылығының тақырыптық, жанрлық арналары, танымдық, эстетикалық, көркемдік, тағылымдық мәні бүгінгі заман ұғым-түсініктері деңгейінде қарастырылған. Кітап абайтанушыларға, әдебиетшілер мен тілшілерге, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білуге ниет еткен көпшілікке арналған.
Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он жетінші томында Айқын Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» еңбегі берілген. Қазақ кеңес әдебиетінің аса көрнекті зерттеушісі, сыншы, ғалым Айқын Нұрқатовтың әдеби мұрасы өте бай. Оның бұған дейінгі жарық көрген кітаптарымен оқырмандарымыз жақсы таныс. Ғалымның көзі тірісінде аяқтап, нүкте қойып кеткен мына еңбегі – ұлы ақын Абай шығармашылығы жайлы ғылыми монография. Ол бұл кітабында ақын мұрасын жан-жақты талдап, оған барынша терең, ғылыми баға берген. Кітап абайтанушыларға, әдебиетшілерге, білім алушы жастарға және Абайды білмекті парыз тұтқан көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымның он сегізінші томында Қ. Мұхамедхановтың Абай шығармашылығы туралы жазылған еңбектері енді. Кітап құрамдас екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Абай шығармаларының текстологиясы жайында сөз болады. Екінші бөлім Абайдың екі томдық толық жинағының (1977) бірінші томына енген өлеңдеріне, дастандарына берілген түсініктемелерден тұрады. Абайдың ақындық даналығын тану ісінде автордың Абай шығармаларының текстологиясы және Абай өлеңдері мен дастандарының мәтіндеріне берген түсініктемелерінің маңызы зор. Кітап абайтанушыларға, әдебиетшілерге, білім алушы жастар мен Абайды білмекті парыз тұтқан көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он тоғызыншы томында Л.М. Әуезованың «Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері» атты еңбегі жарық көріп отыр. Кітапта Абайдың өмірі, өскен ортасы, мәдениетаралық байланыстары, тарихи өмір шындығы, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер аясында қарастырылады. Абайдың өмірі мен заманының М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында бейнелену жолдары пайымдалады. Еңбек бай дерек көздері негізінде жазылған.
Кітап абайтанушыларға, әдебиетшілерге, тарихшыларға, білім алушы жастарға және Абайды, Абайдың заманын білмекті парыз тұтқан көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының 20 томына Т. Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты монографиялық еңбегі енді. Т. Әлімқұловтың бұл еңбегінің абайтану ғылымында алатын орны үлкен. Автор өз еңбегінде Абайдың ақындық өнерінің, талант табиғатының, әлеуметтік-этикалық, философиялық ойларының тереңінде жасырынған «жұмбағын» шешуді мақсат еткен. Осы мақсат аясында автор өз монографиясында Абайдың ақындық даралығы, даналығы туралы тың ізденістерге, жаңа пайымдауларға барады. Еңбекте ақынның әдебиетаралық байланыстары, ақындық өнерінің бастау көздері, көркемдік шеберлігі, аудармашылық өнері, ақындық өнерінің ішкі сыры мен сыртқы қырлары ашылған. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған. Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

Еңбекте академик-жазушы М. Әуезовтің абайтану негізін қалаудағы күрделі ғылыми зерттеулерінің проблемалық жақтары қарастырылған. Кітап М. Әуезовтің абайтану саласында жарық көрген еңбектері, әсіресе, оның әдеби-мемориалды музейі мен Алматы, Семей, Ташкент, Омбы архивтерінің дереккөздері негізінде жазылды. Академик-жазушының абайтану саласында беймәлім көптеген қолжазбалары, тезистері, шашпа пікірлері мен кейбір зерттеулері алғаш рет архив сөресінен ғылым сарабына түсіп, пайымдалды. Еңбек архив деректері негізінде жазылуы себепті, оның ішкі құрылымы да соған орайлас болып шықты.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының жиырма екінші томында «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» тақырыбында өткен ғылыми конференция материалдарының бір тобы берілді. Конференцияға қатысушылардың баяндамалары ғылыми мақала түрінде рәсімделіп, көптомдық басылымның шарттарына сай жинақталды. Олардың бірқатары аталған жоба аясында жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде дайындалған. Томға енген еңбектер білім алушы жастарға, жас мамандарға, сондай-ақ зерттеушілерге, ақыл-ой қазынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының 23 томына «Ойлар мен толғаныстар» деген атпен абайтанушы ғалымдардың еңбектері енген. Оларда Абайдың өмірі мен шығармашылығының, көркемдік дәстүрінің маңызды мәселелері қарастырылған. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған. Том 3979/ГФ4 − «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының 24 томында академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы» атты еңбегі берілді. Еңбекте қазақ тілінің Абай қолданған байырғы төл сөздері, ақын мұрасында кездесетін араб-парсы, орыс сөздері қарастырылады. Қазақтың әдеби тіліне Абай қосқан немесе жандандырған жаңа сөздердің сыр-сипаты сараланады, Абай тілінде біршама ерекше болып көрінетін кейбір грамматикалық тұлға-тәсілдер, олардың мән-мағынасы, қолданылу жайы пайымдалады.. Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында баспаға дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының 25 томында Р. Сыздықованың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбектері берілді. Бұл еңбектерде Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысының ерекшеліктері, ақынның сөз қолдану, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру тәсілдері мен тәжірибесі қарастырылған. Том ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған. Еңбек 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымның 26 томында Ж. Ысмағұловтың «Абай. Даналық дәрістері» атты еңбегі берілді. Ол әуелде «Абай: ақындық тағылымы» (1994) деген атпен жарық көрді, кейін «Абай: даналық дәрістері» (2008) деген атпен жарияланды. Ғылыми-редакциялық кеңестің ұйғаруымен жиырма алтыншы томға осы басылымдар негізінде ықшамдалып ұсынылды. Еңбекте Абайдың өлеңдері, поэмалары, қарасөздері, аудармалары, ақындық даралығы мен даналығы қарастырылған. Кітап ғылыми қызметкерлер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, ізденушілерге, Абай мұрасына қызығушы қауымға арналған. Еңбек 3979/ГФ4 - «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының жиырма жетінші томында жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің... (Абай: жан бостандығы немесе рухани тәуелсіздік)» атты іргелі еңбегі беріліп отыр. Абайды тану – қазақ ұлтының рухани өміріндегі толастамайтын мәдени саясаттың мүдделі және күретамырлы тақырыбы. Абай ілімі – ұлтымыздың ұйыған ақыл-ой парасаты, қазақ елінің адамзаттық парасат пайымына қосқан үлесі. Сол даналық мәйегі қандай танымдық тамырлар арқылы әлемдік көркем ойлау жүйесімен үндестік тапқан? Міне, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың философиялық еркін ойға құрылған бұл толғанысы – соған жауап іздеген, Абайдың көркемдік жүйесін тосын қырынан талдап, тың тұжырым жасаған түбірлі еңбек.
Том ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының 28 томына Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының (1957, 1977) басылымдарына берілген ғылыми түсініктер енді. Текстологиялық пайымдаулар үшін олардың маңызы үлкен. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымының XXIX томына Абайдың шығармашылығы туралы бір топ зерттеулер берілді. Оларда Абайдың шығармашылық мұрасы түрлі ғылым салалары тұрғысынан қарастырылған. Томға енген зерттеулердің ғылыми маңызы бар. Том білім алушы жастарға, жас мамандарға, зерттеушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, сондай-ақ ақыл-ой қазынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының 30 томында көрнекті абайтанушы ғалым М. Мырзахметовтің «Абай және Шығыс» монографиялық зерттеуі берілді. Кітапта ұлы ақын нәр алған рухани үш бұлақтың бірі – шығыс мәдениеті, оған Абайдың қарым-қатынасы ғылыми тұрғыдан жүйеленіп баяндалады. Абайдың исламият, хауас, жәуанмәртлік, үш сүю, иманигүл, адамгершілік мұраттарына ғылыми талдаулар жасалып, ақындық кітапханасы жайлы мәселе арнайы сөз болады. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған. Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының 31 томына көрнекті абайтанушы ғалым М. Мырзахметовтің «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абай және Әуезов» атты еңбектері енді. Бұл еңбектерде абайтану ғылымының өзекті мәселелері қарастырылған. Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған. Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының 32 томына филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазиұлының «Абай және Шәкәрім әлемі» атты еңбегі енді. Ғалымның еңбегінде ұлы ойшыл Абайдың, Абайдың әдеби дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы туралы сөз болады. Автор еңбегін «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымына арнайы ұсынды. Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған. Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымының XXXIII томында профессор Ы.М. Палтөренің зерттеу еңбегі беріліп отыр. Онда Абай шығармаларының ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерімен сабақтастығы сөз болады. Ақын шығармаларындағы діни астары бар араб сөздері мәнмәтін аясында Құран және хадис мәтіндерімен байланысты қарастырылып, лингвогерменевтикалық талдау жасалады. Ақынның кейбір өлеңдері мен қара сөздерінің астарындағы айтылмақ ой-пікір, мазмұн, түсінік мәселесі пайымдалады.
Том білім алушы жастарға, жас мамандарға, зерттеушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, ақыл-ой қазынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымының 34 томында Абайдың өмірбаянына қосымша деректер, мәліметтер, сондай-ақ Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі қызметкерлерінің еңбектері, ойлары мен толғаныстары берілді.
Томға енген еңбектердің танымдық, тағылымдық мәні бар. Том білім алушы жастарға, жас мамандарға, зерттеушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, ақыл-ой қазынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымының 35 томында Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің басты нәтижелері қорытылып, сараланған. Том кіріспеден, тоғыз бөлімнен және қосымшалардан тұрады. Қосымшаларды Абай институтының қызметкерлері Бақытқожа Баязитов, Алмасбек Мәуленов дайындаған.
Том білім алушы жастарға, жас мамандарға, зерттеушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, ақыл-ой қазынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған. Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының 36 томына көрнекті абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш» / «Абаеведение. Библиографический указатель» атты еңбектері енді. Көрсеткіш Абай мұрасы жөнінде жазылған 1889-1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тұтас қамтиды. Библиографиялық көрсеткіш негізінен қазақ, орыс тіліндегі деректерді қамтуы себепті, екі бөлімге жіктеліп берілді. Әрбір оқырман іздеген дерегін белгілі бір тақырып желісінде тез тауып алуына қолайлы болуы үшін, әр бөлім негізінен 60-тан астам тақырып аясына шоғырландырылды. Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған. Том Абай институтының қаржысына шығарылды.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының отыз жетінші томында көрнекті ғылым қайраткері Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Ғылыми мақалалар» атты еңбегі берілді. Онда автордың орталық ғылыми басылымдар мен «Абай» энциклопедиясында жарық көрген ғылыми-теориялық мақалалары топтастырылған. Мақалалар автордың бұған дейін жарық көрген еңбектерінде, көптомдық шығармалар жинағының томдарында жарияланған. Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған. Еңбек Абай институтының бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының отыз сегізінші томында Г.Ә. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы» еңбегі берілді. Онда Абай дискурсының ұлттық таным мен ұлттық рухты танытатын концептуалды жүйесі және прагматикалық деңгейі антропоөзекті, когнитивтік лингвистика аясында талдауға түскен. Абай тілдік тұлғасын ғылыми-лингвистикалық тұрғыда сараптау арқылы оның тілдік әлемінің когнитивтік парадигмасы түзіліп, прагматикалық мәні ашылады. Ол үшін ұлт – тіл – мәдениет, уақыт – кеңістік – адам сабақтастығы басшылыққа алынған. Тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейі тарихи-қоғамдық, әлеуметтік мазмұнға қатысты қарастырылады. Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған. Еңбек Абай институтының бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының отыз тоғызыншы томына Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 95 жыл, 100 жыл, 125 жыл толуына орай арнайы жазылып, дайындалған еңбектердің таңдамалы бір тобы енді. Олардың мазмұны мен құрылым-жүйесінен Абайдың шығармашылық мұрасына қатысты түрлі кезеңнің тыныс-лебі сезіледі. Абайтану ғылымының тарихында бұл еңбектердің тарихи және танымдық-тағылымдық мәні бар.
Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының қырқыншы томына көрнекті абайтанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлының «Абай: Толық адам ілімі» атты еңбегі енді. Еңбекте абайтану ғылымының өзекті мәселелесі қарастырылған. Томға енген еңбек абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық бірінші томында А.М. Картаеваның «Абай мен Мұхтар Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық» еңбегі берілді. Зерттеуде Абайдың даналық тағылымының Әуезовтің шығармашылық мұрасында жалғастырылуы қарастырылады. Қазақ әдебиетінің алыптары Абай мен М. Әуезовтің шығармашылық әлеміндегі көркемдік тұтастық, рухани тамырластық, дәстүр сабақтастығының сан сала арналары кеңінен сөз етіледі. Екі дананың ойшылдық, қоғамдық, гуманистік, суреткерлік ортақ қырлары ашылып, дүниетанымының өзектері, эстетикалық танымдары, ой тереңдігі, сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық пен тілдік үйлесімдері арнайы зерттеледі.
Еңбек ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған. Еңбек Абай институтының бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық екінші томында Ә.С. Тарақовтың «Абайдың аудармашылық таланты» еңбегі берілді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.С. Тарақов Абайдың Батыс және орыс ақындарынан аударған туындыларын жан-жақты зерттейді, Шығыс пен батыс әдеби сабақтастығын саралайды. Классиктердің шығармашылық өмір жолымен бірге поэзиясының аудармалары теориялық тұрғыдан терең талданады, Абайдың аудармашылық талантын ерекшелейді.
Әр аудармадағы Абайдың ізденісін, балама, сәйкестік табу шеберлігін, аудару тәсілдері мен шешімдерін түпнұсқа мен аударманы салыстыра айқындап, дәлелдейді.
Кітап магистранттар мен докторанттарға, жалпы білім алушы, ізденуші жастарға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық үшінші томында А. Машановтың «Әл-Фараби және Абай» еңбегі берілді.
Кітапта автор әл-Фараби мен Абайдың рухани байланысын, даналықтарының түпкі негізін, ілімдерінің әлеуметтік маңызын ашып көрсетеді.
Еңбек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шәкірттеріне, ғалымдары мен оқытушыларына, зерттеушілеріне, әл-Фараби мен Абайдың даналығынан үлгі алғысы келген барша талапты жасқа, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық төртінші томында А.Б.Салқынбайдың «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» еңбегі берілді. Зерттеуде Абай поэзиясындағы сөз мағынасы мен мәні мәдени-танымдық бағытта сараланып, лебіздің лингвопоэтикалық сыры зерттеледі. Көркем мәтін семантикалық кеңістігінің негізгі әмбебап сипаты «адам», «уақыт», «кеңістік» тұрғысынан талданып, мәтін мәнінің терең динамикасы, мәтін бүтіндігі мен даралығы айқындалады.
Еңбек студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық бесінші томында Абайдың шығармашылығы, жаңашыл ойлары мен ағартушылық еңбегі туралы бір топ зерттеулер берілді. Оларда Абайдың шығармашылығы түрлі қырынан қарастырылып, Абайдың діншілдік, жаңашылдық, ағартушылық көзқарастары мен ойлары талданады.
Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докто-ранттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы, ізденуші жастарға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық алтыншы томында Абай қарасөздерінің ерекшеліктері, Абайдың өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты архивтік деректер туралы еңбектер берілді.
Абай қара сөздерінің жанрлық, стильдік болмысы бүгінгі таным тұрғысынан абайтану саласындағы қол жеткен жетістіктерге сүйене отырып зерттеліп, жаңаша әрі тың ой-пікірлер еңбектің ғылыми ауқымын кеңейтіп, соны бағыттарын аша түскен
Еңбек студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық же-тінші томында А.Қасымның «Абай және парсы әдебиеті» еңбегі берілді. Зерттеуде Абай мен парсы ақындарының лирикалық өлеңдеріндегі табиғат, философиялық дидактикалық, адамгершілік-имандылық және ғашықтық тақырыптағы жырларының үндестіктері мен өзгешеліктері сараланды. Абайдың «Ескендір» поэмасы парсы тіліндегі нұсқалармен, «Әзім әңгімесі» мен «Масғұт» поэмалары фольклорлық туынды – «Мың бір түн» негізінде салыстырыла талданып, олар-дың сюжеттік ұқсастықтары мен өзгешеліктері, кейіпкерлерді бейнелеудегі ерекшеліктері жүйеленді.
Кітап зерттеушілерге, әсіресе әдебиеттанушыларға, шығыстанушыларға, фольклортанушыларға, студенттер мен магистранттарға, Абай шығармашылығы мен парсы әдебиетіне қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық сегізінші томында Д. Досжанның «Абай айнасы» еңбегі берілді. Еңбекте Абай әлемі – жанның тамағы, жанның жарығы, жүрек сауыты, ақыл қыры, адам саумақ, жүрек айнасы, жан қуаты секілді таным сипаттарына еніп, ақын рухымен іштей шүйіркелесу. Әрі Абай өмірінің ақтаңдақ тұстарын соңғы кезде табылған Тұрағұл, Кәкітай, Ахат деректерімен өрнектеу. Жанры жаңа заман биігінен ақын өміріндегі кезеңді оқиғаларға табан тірей отырып, Абай болмысын ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу десе болады.
Кітап зерттеушілерге, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға Абай шығармашылығына қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық тоғызыншы томында Х.Ж. Сүйіншәлиевтің 1956 жылы жарық көрген «Абайдың қара сөздері» еңбегі берілді. Кітапта Абай қара сөздерінің мазмұны, түрі, стилі, тілі туралы мәселелер терең әрі жан-жақты зерттелген. Ақын творчествосын толық бейнесінде көрсету үшін оның алуан сырлы қара сөзді мұраларын әлі зерттей түсу – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл ретте қолыңыздағы кітап осы саладағы тұңғыш қадам ретінде ғана саналмақ. Кітап студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы-ның елуінші томы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жо-март Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан», «Абай – рухани реформатор» атты мақалаларымен ашылған. Қазіргі филология ғылымдары саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан белгілі, көрнекті ға-лымдардың Абай жылында жазылған және дайындалған зерттеулерінің таңдамалылары топтастырылды.
Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушыларына, студенттер мен ма-гистранттарға, докторанттарға, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салала-рында ізденушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, ғылыми қызметкер-лерге, сондай-ақ көпшілікке арналған.



РЕКВИЗИТЫ
НАО "КазНУ имени аль-Фараби" 050040 г.Алматы, пр. аль-Фараби 71 БИН 990 140 001154 КБЕ 16 АО «First Heartland Jýsan Bank» ИИК KZ19998CTB0000567141 – тенге ИИК KZ40998CTB0000567151 – USD БИК TSESKZKA тел: + 7 727 377 34 11 e-mail: baspa@kaznu.kz